

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Экономика және бизнес жоғары мектебі
МЕНЕДЖМЕНТ КАФЕДРАСЫ

Әлеуметтік саясаттың мәні мен модельдері

Орындаған: доцент Смагулов А.М.

табысын арттыру

**Сыбайлас
жемқорлықты
жою**

**Сот және құқық
қорғау жүйесін
реформалау**

**Жаңа жұмыс
орындарын ашу,
салықты лайықты
калақымен қамту**

VI Әлеуметтік саясат

**VII Өңірлерді
дамытудың
жаңа бағдары**

**VIII «Рухани жаңғыру»
құндылықтар
басты рухани
бағдарымыз**

IX Сыртқы саясат

**Тоқаев К.К. «Бізге
әлеуметтік саясатты
түбегейлі түрде жаңарту
қажет»**

**[https://kaz.zakon.kz/4973300-
to-aev-b-zderge-leumett-k-
sayasatty-t.html](https://kaz.zakon.kz/4973300-to-aev-b-zderge-leumett-k-sayasatty-t.html)**

Дәріс жоспары:

- 1.Әлеуметтік саясат мәні
- 2.Әлеуметтік саясаттың бағыттары
- 3.Әлеуметтік саясат модельдері

- Әлеуметтік қорғау және әлеуметтік кепілдік. Еліміздің әкімшілдік-әміршілдіктен нарықтық экономика көшуі адамның әлеуметтік тәуекелінің артуына алып барады. Нәтижесінде адамдар өмір деңгейімен жіктеледі: шамалы топтың баюы мен кейбір топтардың.

- Тұрғындарды әлеуметтік қорғау жүйесінің басты элементі ретінде олардың ақшалай табысын индексациялауды жатқызады. Оның мәнісі: инфляция келтірілген зиянның толтыруға қызмет етеді. Тұрғындардың табысын индексациялау өзінің экономикалық мазмұны бойынша – тұрғындардың ақшалай табыс мөлшерін түзететін механизм.

- Индексацияны мынандай түрлерге жіктейді:
- ❖ Ақшалай табыс индексациясы;
- ❖ Сақталған ақшаны индексациялау және өмір сүру минимумын индексациялау.

Жалпы алғанда ақшалай табысты индексациялау механизмі төмендегідей түсіндіріледі. Мемлекеттік статистикалық агентстволар органдары тауар мен қызмет көрсетуге бағаның өзгеруін бақылап отырады. Осы бақылау тұтыну бағасы индексін есептеуге мүмкіндік береді. Осылар тұрғындардың жоғалтқан нәрсесі көлемінің бағытын айқындайды және мөлшерінің орнын толтырады.

- *Күн көру деңгейі дегеніміз не және ол қалай өлшенеді? Өмір сүру минимумы деп адамның өмір сүруін және оның жұмыс күшін қалпына келтіруді сүйемелдеуге қажетті ақшалай қаржы деңгейін айтамыз. Қоғам дамуы жағдайындағы күн көру деңгейі өмір деңгейінің қоғамға қажетті төменгі шекарасын анықтайды.*

- *Ғалым –экономистер күн көру деңгейін екі тәсілмен анықтауға талпынды:*

- *Бірінші тәсіл минималды тұтыну бюджетіне негізделген. Ол отбасы табысының балансы мен шығындарынан тұрады.*
- *Күн көру деңгейін анықтаудың екінші тәсілінде кедей отбасы өз табысың $1/3$ бөлігін тамақ өнімдеріне жұмсайтыны ескеріледі.*



Әлеуметтік
саясат



Жаңа әлеуметтік саясат

Серпінді экономикалық өсім көптеген жылдар бойы бізге белсенді әлеуметтік саясат жүргізіп, адамдардың өмір сапасын бірнеше есе арттыруға мүмкіндік берді. Барлық жаһандық дағдарыстардың теріс ықпалына байланысты экономикамыз тап болған бүкіл қиындықтарға қарамастан, біз әркез қазақстандықтардың әл-ауқатын арттырып келдік. Он жылда әлеуметтік салаға мемлекеттік шығындар нақты көрсеткіш бойынша 3 есеге жуық өсті. Әлеуметтік сала мен мемлекеттік басқаруда жұмыс істейтіндердің саны 1,2 миллион адамнан асады. Мемлекет жәрдемақы мен төлемдердің үлкен көлемін қамтамасыз етуде. Оларды 1,5 миллионнан астам азамат алады.

Экономикалық тәуекелдерге, жалпы, ештеңеге де қарамастан, біз халықты әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыруды жалғастырамыз. Мен 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің еңбекақысы орташа алғанда - 28 пайызға дейін, білім беру саласы қызметкерлерінікі - 29 пайызға дейін, әлеуметтік қорғаудағы қызметкерлердікі 40 пайызға дейін артатынын жариялаймын. Мұнда бюджет қызметкерлерінің түрлі категорияларына қатысты сараланған тәсіл қолданған ұтымды. Алдағы жылы мүгедектігі мен асыраушысынан айырылуға байланысты әлеуметтік жәрдемақылардың 25 пайыздық өсімі, сондай-ақ, стипендиялар қамтамасыз етілетін болады. 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап біз инфляция деңгейінің алдын ала отырып, ынтымақты зейнетақыны 2 пайызға индекстейміз. 2016 жылы «Б» корпусындағы мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы 30 пайызға арттырылатын болады. Бұл мақсаттарға қаржыны біз бюджеттік шығындарды оңтайландырғаннан кейін үнемдейміз. Осылайша біз еңбекақыны өсіру үшін қаржы тауып, өзіміздің халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелерімізді орындаймыз!

- Мемлекеттің әлеуметтік саясаты- қоғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын реттеу қызметтерінің бір бағыты. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының мәніәлеуметтік топтардың, қоғам жіктерінің арасындағы қатынастарды қолдау, қоғам мүшелерінің өмір сүру деңгейін көтеруді қамтамасыз ету. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының басты звеносы тұрғындардың табысын қалыптастыру болып табылады. Қоғам мүшелерінің табыс деңгейі индивидтердің материалдық және рухани өмірінің (демалыс, білім алу, денсаулық сақтау, қажеттіліктерді өтеу) мүмкіндіктерін анықтайтын көрсеткіш болып табылады.

Әлеуметтанудың қызметтері

та- нымдық қызметі

- Әлеуметтік құбылыстарды зерттеу.
- Әлеуметтік құбылыстардың мәні мен мазмұнын ғылыми тұжырымдау.
- Басқа құбылыстармен байланысын зерттеу.
- Әлеуметтік құбылыстардың заңдылықтарымен сипатын қарастыру.
- Әлеуметтік процестердің негізінде қоғамдық өмірдің дамуы турасында ғылыми болжамдар жасау.

практикалық қызметі

- Әлеуметтік құбылыстарды теоретикалық және эмпирикалық талдау негізінде практикалық ұсыныстар енгізіледі. Бұл ұсыныстар әлеуметтік басқару механизмдерін тиімді түрде жұмыс жасауына көмек береді
- Басқару құрылымының қызметін әлеуметтану қамтамасыз етеді.
- Экономиканың, ұлттық қатынастардың, саяси жүйенің дамуына басқару құрылымы әсер етеді.

идеологиялық қызметі

- Әлеуметтану белгілі-бір дәрежеде әлеуметтік топтардың таптардың, саяси партиялардың қызығушылығын білдіреді.
- Әлеуметтанушының ғылыми нәтижелері оның қоғамда алатын әлеуметтік статусына тәуелді

Әлеуметтік жұмыс деген не?

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС-АДАМДАРҒА
КӨМЕК КӨРСЕТУДІ ЖҮЗЕГЕ
АСЫРАТЫН,ӨМІРДЕ КЕЗДЕСЕТІН
ҚИЫНШЫЛЫҚТАРДА ОЛАРҒА ҚОЛДАУ
ЖАСАЙТЫН ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ
ТҮРІ.



НЕГІЗГІ ЖҰМЫСЫ:
ӘЛСІЗ ТОПТАРДЫ
ҚОРҒАУ МЕН ОЛАРДЫ
ҚОЛДАУ



ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ТАРИХЫ

Жер бетінде адамзат пайда болғаннан бастап “әлеуметтік жұмыс” қоғамдық құбылысқа айналды. Қоғам өз даму кезеңдерінде сол қоғам мүшелеріне әлеуметтік қамсыздандыру жолында түрлі көмек формаларын қолданған. Алғашқы рулық қоғамда көмек және өзара көмек түсініктері қолданысқа енді. Осыған сәйкес әрбір көмектің объектісі мен субъектісі дәстүрлік ұстанымдарға, түрлер формасына және қоғам мүшелерінің бір-біріне деген рулық көмек көрсетуімен анықталған.

Әлеуметтік жұмыс түсінігінің көптеген мағыналық түрлері бар. Осы түсініктердің ішінде базалық түсінік ол әлеуметтік жұмыстың болжау ерекшелігі.

Қазіргі менеджмент негізін қалаушылардың бірі Анри Файоль былай дейді: “Басқару – бұл көріпкелдік, алдын ала көру, ал көру – бұл ендігі әрекет ету”. Яғни, болжау болмай жоспар құрылмайды. Болжаудың әлеуметтік салада жоспарлануы қазіргі таңда өте ауқымды мәселе.

Әлеуметтік жұмыстың ең бір маңызды міндеттерінің бірі- ол қоғамдағы басты проблеманы анықтап, сол проблеманының шешілу технологиясы мен әдістерін дұрыс таңдай білу, соның ішінде болжау әдістерін дұрыс қолдана білу.



Әлеуметтік жұмыстың болжау әдістерін әртүрлі тұрғыдан қарастыру, оны ғылыми түрде дәлелдеу біздің осы жұмысымыздың алдына қойған мақсаты болып табылады. Әлеуметтік жұмыстың болжау әдістерінің типологиясын жасау да жұмыстың басты мақсатына енеді.

Ауқымы кең, жан-жақты проблема болғандықтан, оны әлеуметтанудың бір саласы деп қабылдауға болады.

Ғылым ретінде әлеуметтік жұмыстың дамуының ғасырлық тәжірибесі шетелдерде тек әлеуметтік ойлаудың классикалық парадигмаларын модернизациялау ғана ықпал етіп қана қоймай, сонымен бірге қоғамның әлеуметтік қайта құрылуындағы жаңа агымдардың ғылыми негізін салды. Қазіргі уақытта әлеуметтік жұмыс теориясының дамуы дау туғызады. Оның ғылымдар жүйесіндегі орны туралы мәселе талқылануда. Әлеуметтік жұмыс теориясының ғылым ретінде қалыптасқандығы туралы болжам жасауға мүмкіндік беретін барлық құрылымдық белгілерге ие: оның өзіндік зерттеу объектісі, пәні, оған тән заңдылықтары, іс-әрекеттің арнайы түсініктері, категориялары, әдіс-тәсілдері бар. Осымен бірге оны қолданбалы ғылымдар тобына жатқызады және пәнаралық ретінде сипаттайды.



Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде 1990ж. әлеуметтік салада жоғары оқу орындарында әлеуметтік жұмыс мамандығы бойынша бөлімдер ашыла бастады. Қазақ мемлекеттік университеті, жаңа атауы бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде әлеуметтік жұмыс бөлімі ашылды. Осы уақыттан бері жоғары білікті әлеуметтік қызметкерлер дайындала бастады. 1990ж. әлеуметтік қызметкерлердің дайындықтары күшейе түседі. Республиканың басқа да жоғарғы оқу орындарында әлеуметтік жұмыс бөлімі ашыла бастады. Қазіргі таңда еліміздің жеті жоғарғы оқу орындарында әлеуметтану кафедрасы құрылған. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде және Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде әлеуметтік қызметкерді жоғары деңгейде дайындау жүзеге асырылуда. Бұл жоғары оқу орнында педагоктар, әлеуметтік жұмыс саласын зерттейтін ғалымдар, әлеуметтік жұмыс ғылымы саласындағы ғалымдар жұмыс жасайды. «Әлеуметтік жұмыс» – бұл тарихымыздағы жаңа атау, жаңа прогресс болып саналады.



Әлеуметтік жұмыстың негізгі модельдері



ЕУРОПАЛЫҚ

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің даму тарихы өте ұзақ мерзімді қамтиды. Мемлекеттің рөлі біршама жоғары. Қоғамдық әлеуметтік көмек негізінде қалыптасты.



АМЕРИКАЛЫҚ

АҚШ-тағы әлеуметтік жұмыстың тарихы салыстырмалы түрде қысқа мерзімді қамтиды. Халықты әлеуметтік қорғауда мемлекеттің рөлі жоғары. Мемлекеттік құрылымының рөлін біршама азайту. Жеке қайырымдылық қоры жақсы дамыған.

Әлеуметтік жұмыс теориясының негізгі принциптері

1. Жалпы принциптер-әлеуметтік жұмыс стратегиясын көрсететін танымдық және практикалық бағыттары

белсенділік принципі

«тұлға-қоршаған орта»
принципі

«тұлға – айнала» принципі

«мен және басқалар» принципі

2. Тұжырымдық принциптері

3. Этикалық принциптері

4. Операциялық принциптері

Әлеуметтік жұмыстың негізгі түсініктері

Әлеуметтік
қорғау

Әлеуметтік
қолдау

Әлеуметтік
көмек

Әлеуметтік
жұмыс

Әлеуметтік
саясат

Әлеуметтік
басқару

Әлеуметтік
сақтандыру

Әлеуметтік
реабилитация

Экономика

Политология

**Әлеуметтік
жұмыс
теориясы**

Этика

Құқық

Денсаулық сақтау

- Мемлекеттің әлеуметтік саясаты- қоғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын реттеу қызметтерінің бір бағыты. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының мәніәлеуметтік топтардың, қоғам жіктерінің арасындағы қатынастарды қолдау, қоғам мүшелерінің өмір сүру деңгейін көтеруді қамтамасыз ету. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының басты звеносы тұрғындардың табысын қалыптастыру болып табылады. Қоғам мүшелерінің табыс деңгейі индивидтердің материалдық және рухани өмірінің (демалыс, білім алу, денсаулық сақтау, қажеттіліктерді өтеу) мүмкіндіктерін анықтайтын көрсеткіш болып табылады.

- Әлеуметтік қорғау және әлеуметтік кепілдік. Еліміздің әкімшілдік-әміршілдіктен нарықтық экономика көшуі адамның әлеуметтік тәуекелінің артуына алып барады. Нәтижесінде адамдар өмір деңгейімен жіктеледі: шамалы топтың баюы мен кейбір топтардың.

- Тұрғындарды әлеуметтік қорғау жүйесінің басты элементі ретінде олардың ақшалай табысын индексациялауды жатқызады. Оның мәнісі: инфляция келтірілген зиянның толтыруға қызмет етеді. Тұрғындардың табысын индексациялау өзінің экономикалық мазмұны бойынша –тұрғындардың ақшалай табыс мөлшерін түзететін механизм.

- Нарықтық экономика жағдайында тұрғындарды әлеуметтік қорғаудың бірден-бір механизмі ретінде индексация өркениетті әлемде кеңінен қолданылады. Ол тұрғындардың ақшалай табысы мен сатып алу қабілеттілігін сүйемелдеуге бағытталған. Индексациялауға тұрғындардың бюджеттен алатын ақшалай табысы да жатады (жәрдем ақы, зейнет ақы, стипендия, жалақы).

- **Индексацияны мынандай түрлерге жіктейді:**
 - ❖ **Ақшалай табыс индексациясы;**
 - ❖ **Сақталған ақшаны индексациялау және өмір сүру минимумын индексациялау.**

Жалпы алғанда ақшалай табысты индексациялау механизмі төмендегідей түсіндіріледі. Мемлекеттік статистикалық агентстволар органдары тауар мен қызмет көрсетуге бағаның өзгеруін бақылап отырады. Осы бақылау тұтыну бағасы индексін есептеуге мүмкіндік береді. Осылар тұрғындардың жоғалтқан нәрсесі көлемінің бағытын айқындайды және мөлшерінің орнын толтырады.

- *Күн көру деңгейі дегеніміз не және ол қалай өлшенеді? Өмір сүру минимумы деп адамның өмір сүруін және оның жұмыс күшін қалпына келтіруді сүйемелдеуге қажетті ақшалай қаржы деңгейін айтамыз. Қоғам дамуы жағдайындағы күн көру деңгейі өмір деңгейінің қоғамға қажетті төменгі шекарасын анықтайды.*

• *Ғалым –экономистер күн көру деңгейін екі тәсілмен анықтауға талпынды:*

➤ *Бірінші тәсіл минималды тұтыну бюджетіне негізделген. Ол отбасы табысының балансы мен шығындарынан тұрады.*

➤ *Жүн көру деңгейін анықтаудың екінші тәсілінде кедей отбасы өз табысың $1/3$ бөлігін тамақ өнімдеріне жұмсайтыны ескеріледі.*

- *Күн көру деңгейін бюджетінің рационалды тұтыну бюджетінен айырмашылығы сол барлық ойдағы тұтынуды қанағаттандыруға есептелмеген. Минимумның мақсаты-қызмет пен еңбекке қабілеттілікті қалыпты ұдайы өндіруді қажетті көлемде қамтамасыз етуі болмақ.*



Әлемдік тәжірибеде тұрғындар табысын индексациялаудың екі негізгі түрі белгілі:

✓Автоматты

✓Жартылай автоматты, кейде келісімді дейді.

Бірінші түрінде, жалақы баға индексінің өсуіне қарай пропорциональды көбейіп , кеткен шығынды толық қайырады, Жалақының осындай жүйе бойынша есептелуі оны тиімді ұйымдастыруға кері әсерін тигізеді. Себебі еңбек ақыны көтеру оның нәтижесімен ешқандай байланыста емес.

Екінші түрі Еуропалық экономикалық қауымдастық елдерінде кеңінен қолданылады. Оның мәнісі мынада: жалақының баға өскенін ескере отырып, өсетіндігі жайы бүкіл екі деңгейінде ұсыныс жасалып шешіледі. Мұндай келісім кәсіподақ, жұмыс беруші және мемлекеттің қатысуы арқылы жасалып, көп елдерде ғалым – сарапшыларды шақырады. Сосын кәсіп орын өзінің шамасына қарай өткереді, көбінесе ұжымдық келісім жасау арқылы жүзеге асады. Мұндай тәртіп индексация механизмін нақты жағдайға, қаржы мүмкіндігіне және еңбек қатынастарына бейімдейді.

Нарықтық шаруашылық жағдайында мемлекеттің әлеуметтік саясаты бір жағынан, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етіп және әлеуметтік қысымды жұмсартса, екінші жағынан, кәсіпкерлік пен белсенділігі жоғары жоғары жалдамалы еңбекке кедергі келтірмеу керек.

- ҚР нарықтық қатынастарға көшу жағдайында әлеуметтік және аймақтық саясаттың маңызы өсе түседі. Осыған байланысты ҚР тұрғындарды әлеуметтік қорғау жүйесінде және аймақтық экономиканы дамытуда жаңа ұстанымдар қажет. Осы жағдайларды жүзеге асыруда «Қазақстан 2030» және ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа Қазақстан жаңа әлемде» Жолдауындағы нақты әдістер үлкен маңызға ие.

«Қазақстан егеменді ел ретінде қалыптасуы мен даму стратегиясы» бағдарламасы қоғамдық өмірдің шешуші саласындағы стратегиясы үш кезең ішінде нарықтық жүйеге өтуді жалғастырудан тұрады.

- **1 кезең 1992- 1995 ж.**

Макроэкономикалық тұрақтандырудың екі негізгі процестерін қамтиды: меншіктің едәуір бөлігін жетілдіруші және тұтыну нарығын тауарлар мен толықтыру.

• 2 кезең 1996- 2005 ж.

Экономиканың шикізат базасын өзгертуге қадам басу үшін, телекоммуникация мен транспорт жүйелерін жеделдете дамыту, сонымен бірге дамыған тауар және валюта нарықтары, капитал, жұмыс күші, бағалы қағаздар мен интеллектуалды меншік нарықтарын қалыптастыру үшін қажет.

• 3 кезең 2006- 2012 ж.

**экономиканың ашық типін
жедел қарқынмен дамыту,
осының негізінде өтпелі кезеңде
стратегиялық мақсаттарға жету
және Қазақстанның әлемдік
индустриальды елдер қатарына
кіру мен сауда позициясының
нығайуымен сипатталады.**

1997 жылдың қараша айындағы Елбасының Қазақстан халқына жолдауында өтпелі кезеңдегі әлеуметтік экономикалық дамудың қорытындысы шығарылды, тежеуші факторлар айқындалып, **2030** жылға ұзақ мерзімді мақсаттар мен олардың мерзімдері көрсетілді.

Қойылған мақсаттарды жүзеге асыру мына үш кезеңде болуы қажет:

- **1998- 2000** жылдар
- **2001- 2010** жылдар
- **2011- 2030** жылдар

Қазақстан Республикасының әлеуметтік экономикалық саясаттың бес басты бағыттары:

- *әлеуметтік ахуалды жақсарту және кәсіпкерлік қызметті одан әрі дамыту;*
- *басқарудың тиімділігін арттыру;*
- *өндіріс секторларына несие беру;*
- *экономикалық шикізат бағдарын өзгерту;*
- *аймақтық диспропорцияларды жою.*

Әлеуметтік ахуалды жақсарту және кәсіпкерлік қызметті одан әрі дамыту: жұмыссыздықпен кедейлікпен күрес, шағын және ірі кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыспен қамту.

Экономикалық саясаттың тағы бір бағыты *аймақтардың дамуындағы диспропорциялар* (жұмыссыздықтың басымдылығы, кедейліктің деңгейі).

Әлеуметтік қорғау және әлеуметтік кепілдік.

Қазақстан Республикасында әлеуметтік кепілдікке мыналарды жатқызамыз: минимальды жалақы, зейнет ақы, стипендия, жәрдем ақы оның ішінде уақытша еңбекке жарамсыздарға ақша төлеу, және ақысыз білім алу мен медициналық көмек көрсету, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау, жұмыссыздық бойынша жәрдем ақы алу құқығы, және меншікке құқы және одан табыс табу.

- Әр бір қала мен елді мекен экономикалық дамуды жетілдіруге қолайлы өзіндік жергілікті жағдайларымен сипатталады. Аталмыш жергілікті жағдайлар экономикалық даму стратегиясын өндіру мен қалыптастыруға негіз бола алады. Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, жергілікті күшті экономиканы қалыптастыру үшін қауымдар жергілікті жердің әлді, әлсіз жақтарын және мүмкіндіктері мен қауіптерін ескере отырып, бірлескен стратегиялық тұрғыда жоспарланған іс әрекеттер жүргізуі тиіс.

Бұндай процесс аймақтарға деген бизнестің, жұмысшы күші мен жәрдем институттарының қызығушылығын арттырады.

Жеке секторларды дамытудағы келеңсіздіктерді жойып әлеуметтік –экономикалық дамуды белсенді түрде зерттей отырып, нығайту мақсатында стратегия бағдарламалар мен жобалар қабылданып отырылды. Осылайша, аймақтар өзінің экономикалық базасын ұлғайтып, тұрғындарды еңбекпен қамтамасыз етіп отырды.

Қазіргі танда қалалар мен аудандық жерлердің алдында зор мақсаттар қойылып отыр, Ол дегеніміз аймақтардың жергілікті экономикалық дамуын стратегиялық жоспарлы түрде жүргізу қажеттігінің зор маңызы бар екенін көрсетеді.

кемшілігін қатты
сынаса да,
тек бір ғана ойды –
қазағын, халқын
төрге жетелеуді
мақсат тұтты.

Қазақстан Президенті
Қасым-Жомарт Тоқаевтың
«Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан»
атты мақаласынан үзінді



**Назарларыңызға
рахмет!!!**

